



ӨНДІС

ЖЫЛЫЖАЙДЫ ҚОЛҒА АЛҒАН...

3-бет. >>

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЕЛ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНГЕН

4-бет. >>

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАРБЫЗ ЖЕҢ КЕЛСЕ...

5-бет. >>

Облыстық қоғамдық-саяси газет

МАҢҒЫСТАУ



mangystaumedia.kz

АУА РАЙЫ

	ТҮН	КҮН
Ақтау	+24	+36
Жаңаөзен	+25	+41
Форт-Шевченко	+24	+34

1973 жылдың 13 сәуірінен шыға бастады

№46 (10346) 18 маусым, сейсенбі, 2024 жыл

Сарсаңға салған су тапшылығы



Еліміздегі жалғыз теңіз жағасын жайлаған жұртшылықтың жаз шығысымен жан айкайы ауыз су. Бұл мәселе жыл өткен сайын күрделеніп барады. Шындығында көк теңіздің іргесіндегі көрікті қала имиджіне көлеңке, тұрғындар көңіліне кірбің түсіретін келеңсіз жайт – кестемен келетін су дегенге кім сенер дейсің?! Жаһандық экологиялық дағдарыс тұжырымдамасы адамзат таяу болашақта суға зар болатынын болжайды, алайда алысқа бармай-ақ көк айдынынан көп сатылы сүзгілеу технологиясы арқылы алынатын ауыз су өндірісіндегі өзекті мәселелердің өрістеуінен Ақтау халқы осы күндері су жоқтықтың зардабын тартып жүр. Құзырлы органдардың қам-қарекетінен нақты әрі тұрақты нәтиже көрмеген наразы халық жуырда жол жауып, сөзден іске көшті. Тіршілік нәрінен тарыққан тұрғындардың заң шеңберіне сыймайтын әрекеті төзімнің таусылғанын білдірді. Олар әбден тозығы жеткен инженерлік желілерді жөндеуді жеделдетуді, әрі жыл сайын қайта жаңалауды қажет ететін сапасыз жөндеу жұмысын түбірімен жоюды, әуре-сарсаңға салған сумен қамту мәселесін уақыт ұтқызбай шешуді талап етті. Ақтау қаласы әкімі Ұлықбек Тіналиев жиылған халықпен жүздесіп, жыл сайын жұртшылыққа жайсыздық тудыратын жағдайға түсініктеме берді.

Адина АҚБЕРДІҚЫЗЫ

2-БЕТ

ПАНАЖАЙ қаңғыбас ит мәселесін шеше ме?

Жаз шыққалы тұрғындар көше кезген иттерден төнетін қауіпті айтып дабыл қағуда. Ел ішінде итке таланып мертліккен оқиғалардан кейін топтасқан төрт аяқтыларды көргенде төбе шашымыз тік тұратыны рас. Қалтарыс-бұлтарыста тап келсе ызақор мақұлықтан не күтеріңді білмейсің, қабаған ит азуына кезігер болса, адам жазым болары анық. Соған қарамастан азаматтар қауіпсіздігіне ағусті қарау салдарынан әлі күнге дейін қаңғыбас иттерден төнетін қауіп сейілген жоқ. Заң ит атуға тыйым салады, алайда аулау ісі де өнбей келеді. Әйтпесе қала кезген бұралқы иттер мәселесін біржақты етер уақыт болды. Аулау – бір мәселе, қолға түскен жануарды қамап ұстайтын панажайдың жоқтығы жағдайды ушықтыра түсті. Осы күнге дейін оң шешімін таба алмай келе жатқан мәселеде халық пікірі екіге жарылады.



Голрох ЖЕМЕНЕЙ

2-БЕТ

Елімізде баспаналы болу мәселесі әлі де өзекті. Адамның әлеуметтік жағдайының көрсеткішіне айналған жеке пәтерге ие болу қаржыға келіп тіреледі. Кейбіреулер бастапқы жарнаны жинап, ипотека рәсімдеу тиімді десе, енді бірі алғашқы жарнаны жинауға кеткен уақыт аралығында пәтер бағасының аспандап кететінін айтады. Шын мәнінде, солай ма? Жаңадан пайда болған жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар тұрғын үй бағасына қалай әсер етеді? Маңғыстау жұртының жылжымайтын мүлікке қатысты қандай сұраныстары бар? Мамандардан сұрап білдік.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК САРАПШЫЛАРЫ: Ақтауда бір-екі бөлмелі пәтерлерге сұраныс көп

Нұргүл АЛЯСОВА

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, биыл елімізде мамыр айының өзінде тұрғын үйді сатып алу-сату бойынша 31 071 мәміле тіркелген. Оның ішінде 1617 мәміле Маңғыстау облысына тиесілі. Өңір тұрғындары бір бөлмелі пәтерге қатысты 365, екі бөлмелі пәтер бойынша 458, үш бөлмелі пәтерге қатысты 248, төрт бөлмелі пәтер бойынша 59 және бес пен одан да көп бөлмелі пәтерге қатысты 11 келісім жасаған. Бұл статистикадан маңғыстаулықтардың бір және екі бөлмелі пәтерлерге сұраныстары жоғары екенін байқауға болады. Мұндай сандарды жылжымайтын мүлік агенттігінің өкілдері де растайды. Динара Утекеева екі жылдан бері тұрғын үй нарығында сатушылар мен сатып алушыларға кеңес беріп келеді. Оның айтуынша, Ақтауда бір-екі бөлмелі пәтерлер көп сатылады. Жылжымайтын мүлік саласының эксперттері қаладағы үйдің бағаларына қатысты ақпараттарды да айтты.

Жалғасы 2-бетте >>

ҚЫСҚА-НҰСҚА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «КЕНДІРЛІ» КУРОРТТЫҚ АЙМАҒЫН ДАМУДЫ ЖЕДЕЛДЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамыту жөніндегі кеңесте осы жылдың соңына дейін Ақтаудағы жылы жағажай ауданындағы жобаларды іске асыруды аяқтап, «Кендірлі» курорттық аймағының дамуын жылдамдатуды тапсырды.

БИЫЛ АҚТАУДА 50 СПОРТ АЛАҢЫ ЖӘНЕ 80 БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢЫ САЛЫНАДЫ

Ақтау қаласының әкімі Ұлықбек Тіналиев «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстарды тексерді.

«Биыл 50 спорт алаңы және 80 балалар ойын алаңы салынады. Бұдан бөлек «Халық қатысатын бюджет» аясында 10 жоба іске асырылуда. Бұл жобалар тұрғындардың өтінішіне сәйкес жүзеге асырылады. Балалардың қауіпсіздігі маңызды. Сондықтан мердігер компанияға балалар ойын алаңы мен воркаут алаңын сапалы жасауды тапсырамын», – деді қала әкімі.

МАҢҒЫСТАУЛЫҚ ОҚУШЫЛАР «IQANAT» ФИНАЛЫНА АТТАНДЫ

Биыл Маңғыстау облысынан 58 оқушы IQanat олимпиадасының финалына қатысу үшін Алматы қаласына жолға шықты. Финалға Қазақстанның барлық өңірінен 1 000-нан астам оқушы қатысады. Олар – іріктеудің бастапқы кезеңдеріне қатысқан 60 мыңнан астам бала арасынан топ жарып, алғашқы екі кезеңнің қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткендер.

Өңірден аттанған үздіктер арасында Мұнайлыдан 21 оқушы, Тұлпарқара ауданынан – 15, Қарақия ауданынан – 3, Маңғыстау ауданынан – 7 және 12 оқушы Бейнеуден бара жатыр.